**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** : шағын орталық

**Топ:** «Айналайын»

**Балалардың жасы** : 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі : 03-07 Наурыз 2025**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| ДӘЙЕКСӨЗ | **«Ақылды адам алғыс айтудан ауырсынбайды»** | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Салемдесу** Әр баланы есіктің алдында күлімдеп қарсы алу, ата-анасымен амандасу. **ҚР әнұранын орындау** **«Күй күмбірі» -** балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | **Салемдесу** Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **«Күй күмбірі» -** балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | **Салемдесу** Әр балаға ерекше көңіл бөліп, «Қайырлы таң! Бүгін күн қандай тамаша!» деп жылы сөз айту. **«Күй күмбірі» -** балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | **Салемдесу** Жұмсақ, көңілді музыка қою арқылы баланың көңіл-күйін көтеру. **«Күй күмбірі» -** балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | **Салемдесу** Жақсы көңіл күй тілеу, Топқа балалар келген кезде балаларды реттілікпен шешінуге, киімдерін шкафқа жинап қоюды үйрету. **«Күй күмбірі» -** балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың тамақтануы, ұйқысы және жалпы жағдайы туралы сұрау. Қыс мезгілі келгенін балаларды жылы киіндіру туралы ескерту | Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру | Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту | Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау. | Осы артада болатын іс-шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,** | **Қол моторикасын дамыту "Қағазды мыжу" Мақсаты:** Балалардың қол моторикасын дамыту. Шығармашылық | **Қол моторикасын дамыту Пластилинмен «Түрлі пішіндер жасау» Мақсаты:** Балалардың қол | **Қол моторикасын дамыту «Түсті макарондармен пішіндер жасау» Мақсаты:** Балалардың қол | **Қол моторикасын дамыту «Сәйкестендірілген суреттер» Мақсаты:** Балалардың назарын, қиялын және логикалық | **Асықтармен ойнау" - Мақсаты:** Саусақтардың ұсақ моторикасын жетілдіру. - Ойын барысы: Балаларға асықтарды санап, оларды белгілі бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу, дербес және басқалары** | қабілеттерін ынталандыру.<br>Қағазды мыжып, әртүрлі пішіндер жасау арқылы кеңістік қиялын дамыту.<br>. | моторикасын дамыту.<br>Пластилинмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Кішкентай қимылдарды үйлестіруді жақсарту.<br>Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. | моторикасын дамыту.<br>Түрлі түстерді тану және оларды үйлестіре отырып шығармашылық қабілеттерін дамыту. | ойлауын дамыту.<br>Жабыстырмалы суреттерді дұрыс сәйкестендіру арқылы қол моторикасын жетілдіру. | реттік жүйемен орналастыру ұсынылады.<br>Бұл жаттығу саусақтардың дәлдігін және қозғалыс үйлесімділігін дамытады.<br>**Қол моторикасын дамыту** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жаттығу кешені: №21 "Ағашқа айналдыру" жаттығуы**<br>**Жаттығу барысы:**<br>Балалар бір аяқта тұрып, қолдарын жоғары көтеріп, ағаш сияқты тепе-теңдік ұстайды.<br>Бірнеше секунд бойы тұрақты тұрып, кейін аяқ ауыстырады.<br>Бұл жаттығу дене тұрақтылығын нығайтады. | **Жаттығу кешені: №22**<br>**«Құстар ұшады» жаттығуы**<br>**Жаттығу барысы:**<br>Балалар қолдарын жоғары жайып, құстар сияқты ұшады.<br>Оларды бір орында секіру немесе айнала жүгіру арқылы орындатуға болады.<br>\ | **Жаттығу кешені: №23**<br>**«Қолдарды айналдыру» жаттығуы**<br>**Жаттығу барысы:**<br>Балалар екі қолын алдына созып, шеңбер жасап айналдырады.<br>Бірнеше рет оңға, бірнеше рет солға айналдырады.<br>Әрбір айналымды 5-6 рет қайталау. | **Жаттығу кешені: №24**<br>**Тұру және еңбектеу жаттығуы**<br>**Жаттығу барысы:**<br>Балалар еңбектей отырып, өз денелерін түзеп тұрып қадам жасайды.<br>Қолдары мен аяқтарын үйлестіріп, қозғалыс пен тепе-теңдікті сақтайды.<br>Бұл жаттығуды 2-3 минут бойы қайталауға болады. | **Жаттығу кешені: №25**<br>**«Төменге және жоғарыға серпіліс» жаттығуы**<br>**Жаттығу барысы:**<br>Балалар аяғын иық кеңдігіндей ашып, қолдарын жоғары көтереді.<br>Одан кейін, қасықтап отырып, төменге қарай бүгіледі, бірақ қайтадан секіріп жоғарыға көтеріледі.<br>Әр әрекетті 5-6 рет қайталап, денені сергітеді. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру<br>**Үнемдеу іс әрекеті "Электр қуатын сақтайық" (Электр энергиясын үнемдеу)**<br>Балаларға бөлмеде ешкім болмаған кезде шамды сөндіріп | Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау<br><br>**Жол қозғалысының қауіпсіздігі :**Балаларға бағдаршамның түстері туралы түсіндіру: | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау<br>**Өрт қауіпсіздігі**<br>Педагог өрттің қаншалықты қауіпті екенін, өртке себеп болатын заттарды (сіріңке, отпен ойнау) түсіндіреді.Балалармен «Өрт шыққанда не істеу керек?» деген сұрақты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қоюдың маңызын көрсету. Оларға теледидар мен компьютерді ұзақ уақыт қосып қоймауды үйрету | қызыл — тоқта, сары — дайындал, жасыл — жүр.<br>Жолдағы жаяу жүргіншілер жолағының маңызын түсіндіру.<br>Ойын түрінде «Бағдаршам» ойынын ұйымдастыру: мұғалім бағдаршам түстерін айтады, балалар сол түске сәйкес әрекет жасайды (қызылда тоқтап, жасылда жүреді). | | талқылау.<br>Өрт кезінде 101-ге хабарласу қажеттілігін және өрттен қашу жолдарын ойын түрінде көрсету. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Гүл тереміз»**<br>**Міндеті:** балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру) жетілдіруді үйренеді.<br>**Дене шынықтыру**<br><br>**«Көктем келбеті»**<br>**Міндеті:** сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамытуға үйренеді<br>**Сөйлеуді дамыту**<br><br>**«Көктем келді алақай»**<br>**Міндеті:**суреттердің мазмұны бойынша | **«Тақия тастамақ»**<br>**Міндеті:** жаттығулар орындау, әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, жүруге дағдыланады.<br>**Дене шынықтыру**<br><br>**«Көктемгі еңбек»**<br>**Міндеті:**берілген сұрақтарды түсінеді және тыңдайды, оларға жауап беруді үйренеді. **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**«Үлкендердің еңбегі»**<br>**Міндеті:**суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге үйренеді. **Көркем** | **«Гүлдер»**<br>**Міндеті:**музыкалық-ырғақтық қимылдарды: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға июді орындайды.<br>**Музыка**<br>**Жетекші маман**<br><br>. **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**«Гүлдер »**<br>**Міндеті:**тілдері жаттығып,мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге дағдыланады.<br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«Қызғалдақ гүл»**<br>**Міндеті:**тік және | **«Теңге ілу»**<br>**Міндеті:**, жаттығулар орындау, әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүруге дағдыланады.<br>**Дене шынықтыру**<br><br>**«Торсық»**<br>**Міндеті:**ойынында заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолдануға дағдыланады. **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**«Торсық»**<br>**Міндеті:**әңгіме арқылы балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған | **«Бәйшешектер»**<br>**Міндеті:**сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аударуға дағдыланады<br>**Сөйлеуді дамыту**<br><br>**«Көктем гүлі»**<br>**Міндеті:**әңгімені тыңдау арқылы балаларды педагогтің көмегімен әңгімені толық тыңдап түсінуге үйренеді. **Көркем әдебиет**<br><br>**«Құмырадағы бәйшешек» Міндеті:** үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қойылған сұрақтарға жауап беруге үйренеді.**Көркем әдебиет**<br><br>**«Көктемдегі күн шуақтары» Міндеті:** бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдаулары дамиды.**Қоршаған орта**<br><br>**«Көктемдегі күн шуақтары» Міндеті:**мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, ермексазды өздігінен илей алуды үйренеді<br>**Мүсіндеу**<br>**«Көктемдегі күн шуақтары»** ойыны арқылы бейнелерді қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйренеді<br>**Жапсыру** | **әдебиет**<br><br>**«Менің қалағым» Міндеті:**парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек пішіндерді бейнелеуді үйренеді. **Сенсорика**<br><br>**«Менің қалағым» Міндеті:**мүсіндеудің қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдылары қалыптасады.<br>**Мүсіндеу**<br><br>**«Менің қалағым» Міндеті:**<br>қағазды қолданудың қарапайым әдістерін біледі **Жапсыру** | тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуге дағдыланады.<br>**Сенсорика**<br><br>**«Қызғалдақ гүлі» Міндеті:**қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастырады.<br>**Мүсіндеу**<br><br>**«Қызғалдақ гүлі»** ойынын ойнай отырып қағаз бетіне қызғалдақ бейнесін қоюға қызығушылықтары дамиды. **Жапсыру** | иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге дағдыланады<br>**Көркем әдебиет**<br><br>**«Әдемі торсық»** ойынында ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықтары артып дағдыланады.<br>**Сенсорика**<br><br>**«Әдемі торсық» Міндеті:**мүсіндеудің қарапайым тәсілдері қалыптасады. **Мүсіндеу**<br><br>**«Әдемі торсық» Міндеті:**геометриялық фигураларды пайдаланып қағаз бетіне дұрыс орналастыруға үйренеді. **Жапсыру** | орындауға дағдыланады.<br>**Сенсорика**<br><br>**«Құмырадағы бәйшешек» Міндеті:** ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларын қалыптастырып, ермексазды дұрыс пайдаланып үйренеді<br>**Мүсіндеу**<br><br>**«Құмырадағы бәйшешек» Міндеті:**қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға, бейнелерді қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйренеді **Жапсыру** |
| **Серуенге дайындық** | Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, жылы күртеше мен қолдарына қолғап кигізу, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру | Киімдерін сөрелерден ұқыптылықпен алуға, дербестікке дағдыландыру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру | Сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға,Мысалы: күртеше, Етік, Қолқап, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту<br>әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру | Өздігінен реттілікпен киінуді үйрету<br>Балаларға қысқы табиғаттың ерекшеліктері туралы қысқаша түсінік беру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру | Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру | дағдыландыру Мемлекеттік тілді меңгерту | Мемлекеттік тілді меңгерту | Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру |
| **Серуен** | **Бақылау**<br>Көктемнің негізгі белгілерін бақылау.<br>**Еңбек:** бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету<br>**Қимылды ойын:**<br>«Түлкі мен қаздар»<br>«Ақ сандық, көк сандық»<br>Еркін ойын | **Бақылау**<br>Күнді бақылау<br>**Еңбек:** аула сыпырушыға көмек көрсету<br>**Қимылды ойын:**<br>«Аңшылар мен қояндар»<br>«Аюлар мен аралар»<br>Еркін ойын | **Бақылау**<br>**Көшені бақылау**<br>**Еңбек:** балабақшаның маңын тазарту.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ит пен қоян»<br>«Аққу-қаздар»<br>Еркін ойын | **Бақылау**<br>Ауа райын бақылау<br>**Еңбек:** құстарға жем беру<br>**Қимылды ойын:**<br>**Тышқан мен мысық**<br>«Себетке дәл түсір»<br>Еркін ойын | **Бақылау:** Ағаштарға бақылау жасау<br>**Еңбек:** ағаш бұтақтарын жинау<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қасқырлар мен лақтар»<br>«Қаздар»<br>Еркін ойын |
| **Серуеннен оралу** | Киімге арналған шкафта тазалық пен тәртіпті өз бетінше сақтау қабілетін бекіту. | Ересектердің азын аулақ көмегімен рет ретімен шешіну қабілетін бекіту | Ересектердің азын аулақ көмегімен рет ретімен шешіну қабілетін бекіту. | Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу | Киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Күн шуағы» Міндеті:** түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыруға үйренеді **Сенсорика**<br><br>**«Көктем келбеті» Міндеті:**баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдануды үйренеді.**Қоршаған орта** | **«Үлкен кіші қалақтар» Міндеті:** ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырманы орындауды үйренеді. **Сенсорика**<br><br>**«Көктемгі еңбек» Міндеті:** заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тануға дағдыланады **Қоршаған орта**<br><br>**«Менің қалағым»** | **«Әр түрлі түсті гүлдер» Міндеті:** заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді. **Сенсорика**<br><br>**«Аялайық гүлдерді» Міндеті:** гүлдерді таниды және аялап атауға үйренеді. **Қоршаған орта**<br><br>**«Қызғалдақ гүлі»** ойыны барысында фребель таяқшаларымен гүлдің бейнесін өз | **«Торсықтар» Міндеті:**көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды игереді **Сенсорика**<br><br>**«Торсық» Міндеті:** баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдануға дағдыланады. **Қоршаған орта**<br><br>**«Торсық» Міндеті:**қарапайым құрылысты үлгі | **«Үлкен-кіші гүлдер» Міндеті:**өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйренеді **Сенсорика**<br><br>**«Көктем гүлі» Міндеті:**заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тануға дағдыланады **Қоршаған орта**<br><br>**«Әдемі гүлдер» Міндеті:**қарапайым |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Күн шуағы»**<br>**Міндеті:**қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен құрастыруды үйренеді.**Құрастыру** | **Міндеті:**сылдырмақ бейнесін құрастыру дағдыларын қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнайды үйренеді. **Құрастыру** | бетінше құрастыруға дағдыланады.<br>**Құрастыру** | бойынша, ересектің көмегімен құрастыруға дағдыланады<br>**Құрастыру** | құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыруға үйренеді<br>**Құрастыру** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>Сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету | Балаларды сурет салу кезінде қарындашты дұрыс ұстай алмауына байланысты, түстен кейінгі уақытта боямақтар боятып, қарындаш ұстауға дағдыландыру. | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>Өлең сөздерін жаттатып нық айтқызып үйрету | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>Құрастыруда өз бетінше бейнені құрастыруды үйрету.<br>. | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>Сөздерді анық, өз ойын ашық білдіре алуға үйрету |
| **Балалардың дербес әрекеті(қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)** | Сандықтың ішіндегі не бар? Міндеті: Баланың ұлттық бұйымдарды танып, сөздік қорын дамыту.<br><br>. **Бір тұтас тәрбие** | Бұл ойында арнайы таңдалған бір асық "хан" деп аталады. Ойыншылардың мақсаты — алшадан асықтарды ата отырып, соңында "ханды" құлату.**Бір тұтас тәрбие** | Суретпен жұмыс: «Орманда»<br>сөздік қорларын дамыту<br>Қысқы табиғатпен таныстыру<br>**Коммуникативтік дағдылар** | Ойын «Кімнің заттары?» (Достарының заттарын анықтау)<br>Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.<br>**Еркін ойындар** | Түстерді таны<br>Міндеті: Баланың түстерді ажырату қабілетін дамыту.<br>Ойын барысы: Түрлі-түсті ою-өрнектерді немесе заттарды көрсетіп, олардың түсін атауды сұраңыз. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | ***Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, | Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | Егер бақытты, сәтті адам тәрбиелегіңіз келсе, балаңызға күн сайын өте жақсы көретініңізді айтудан шаршамаңыз | Балалардың денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу | Апта бойы алған әсерлерін сұрау, әңгімелесу |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** : шағын орталық

**Топ:** «Айналайын»

**Балалардың жасы** : 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі : 11-14.03.2025 Наурыз 2025**

| **Күн тәртібі** | | **Сейсенбі**<br>**11.03.2025** | **Сәрсенбі**<br>**12.03.2025** | **Бейсенбі**<br>**13.03.2025** | **Жұма**<br>**14.03.2025** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Дәйексөз** | **«Әлемнің сұлулары татымайды,**<br>**Анамның күліп тұрған бейнесіне»** | | | | |
| Балаларды қабылдау | ***Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.*** | | | | |
| | | Балаға көңіл бөліп, оның үйде немен айналысқанын, көңіл-күйін сұрау. Егер бала мазасызданса, оны жұбату, қолдау көрсету<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Күй күмбірі»** -<br>**Тәттімбет Қазанғапұлы** – "Саржайлау", "Бестөре"<br><br>балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Баланы шкафқа киімін шешуге көмек көрсету<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Күй күмбірі»** -<br>**Дина Нұрпейісова** – "Әсемқоңыр", "Бұлбұл"<br><br>балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың өзімен қатар балалармен байланыс жасауына көмек көрсету.<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Күй күмбірі»** -<br>**Қазанғап Тілепбергенұлы** – "Көкіл", "Шыныаяқ тастар"<br><br>балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | Әр баланы күлімсіреп, есімімен атап қарсы алу, Бұл балаға өзін ерекше сезінуге мүмкіндік беру.<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Күй күмбірі»** -<br>**Құрманғазы Сағырбайұлы** – "Сарыарқа", "Адай"<br><br>балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | | **Экскурсия:**<br>Балабақшадағы сабақтар мен ойын орталарын | **Кеңес:**<br>**"Мен өзім!" әдісі** –<br>Балаға өздігінен киініп, | **"Баланың шығармашылық қабілетін дамыту"** | **"Баламен сапалы уақыт өткізу жолдары"**<br>**Мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көрсету.<br>**Тәрбиешілермен кездесу:** Балалардың күн тәртібі, оқу-дамыту жұмыстары туралы ақпарат беру. | шешінуге мүмкіндік беру.<br>**"Таңертеңгілік гигиена ойын түрінде"** – Қуыршақтарға қол жуу, тіс тазалау әрекеттерін көрсету. | **Мақсаты:**<br>Баланың сурет салу, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br>Көркем шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Талқыланатын мәселелер:**<br>Үйде қарапайым шығармашылық бұрышын жасау.<br>Баланың қиялын дамыту үшін сурет салу, қолөнер жасау. | Баламен қарым-қатынасты нығайту.<br>Қызықты әрі пайдалы іс-әрекеттерді ұйымдастыру.<br>**Талқыланатын мәселелер:**<br>Отбасылық дәстүрлерді енгізу.<br>Телефон мен теледидардың баланың дамуына әсері |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | «Музыкалық аспаптар» – Есту және моторлық дағдыларды дамыту<br>Мақсаты: Баланың музыкалық есту қабілетін және қол моторикасын дамыту.<br>Ойын барысы:<br>Әртүрлі қарапайым музыкалық аспаптарды (мысалы, қоңырау, барабан, ксилофон) қолдану. Балаға соларды ойнап көру. Ол дыбыстарды тыңдап, өзіндік ритмдер шығарып көре алады. | «Торды толтыр» – Қол моторикасы мен ұсақ моториканы дамыту<br>Мақсаты: Баланың қол моторикасын және заттарды басқару дағдыларын дамыту.<br>Ойын барысы:<br>Әртүрлі кішкентай заттарды немесе ойыншықтарды алып, балаға оларды торға немесе себетке салуды ұсыну. Заттарды қолмен ұстау және орналастыру арқылы бала моторикасын дамытады. Бұл ойын балаға ұсақ моторикасын жақсартуға және заттармен әрекет ету дағдыларын дамытуға көмектеседі. | «Айна ойыны» – Өзін-өзі тану және эмоционалды дамуды дамыту<br>Мақсаты: Балаға өз бейнесін және эмоцияларын тануды үйрету.<br>Ойын барысы:<br>Айна алдына отырып, балаға өз бейнесін көрсету үшін түрлі эмоцияларды көрсету (мысалы, күлімдеу, қабағын түю). Бала сол эмоцияларды қайталап көруге тырысады.<br>Бұл ойын балаға өз бейнесін және эмоцияларын тануға көмектеседі. | «Қуыршақтарды жуындыру» – Әлеуметтік және сөйлеу дағдыларын дамыту<br>Мақсаты: Баланың сөйлеу және әлеуметтік дағдыларын дамыту.<br>Ойын барысы:<br>Қуыршақтарды жуындыру ойынын ойнау. Ойын барысында балаға қуыршақты жуындыруды үйретіп, оған не істеп жатқанын айтып түсіндіру. («Қуыршақ суға түсті», «Қолын жуу керек»).<br>Бұл ойын балаға күнделікті іс-әрекеттерді түсінуге және сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңертеңгі жаттығу | | **Жаттығу кешені: №6**<br>**-Қолмен аяқты ұстау (3 минут)**<br>Балалар бір қолмен бір аяғын ұстап, 5-10 секунд бойы тепе-теңдікті сақтайды.<br>Кейін екінші аяғын ұстап, сол жаттығуды қайталайды.<br>**- Жануарлар қозғалысы (3 минут)**<br>**Қоян секіру**: Балалар екі аяқпен жоғары секіріп, қоян сияқты алға жылжиды.<br>**Түлкі жүгіру**: Балалар қолдарын артқа қойып, аяғын жоғары көтеріп, жеңіл түрде жүгіреді.<br>**Аю жүгіру**: Балалар қолдары мен аяғын дұрыс қойып, жайлап қозғалады. | **Жаттығу кешені: №7**<br>- Жеңіл секірулер (3 минут) – бала өз орнында жеңіл секіре алады.<br>Қолдарын жоғары көтеріп созылу (2 минут) – бала биікке жетуге тырысып, қолдарын жоғары созады.<br>- Қабырғамен жүру (2 минут) – қабырғаға жақын жүріп, қолмен тірек етіп жүру. | **Жаттығу кешені: №8**<br>- Қоянша секіру (3 минут) – екі аяқпен жерден жоғары секіру.<br>- Қолдармен иықтарға тигізу (2 минут) – бала қолдарын жоғары көтеріп, иығына тигізеді.<br>- Аяқпен жорғалау (2 минут) – аяқтарын алдыға тартып, жерде жорғалап жүру. | **Жаттығу кешені: №9**<br>**-Жеңіл жүгіру және аяқтармен айналдыру (**<br>Балалар бір орында жеңіл жүгіреді, сол кезде аяқтарын бір-бірінен кезекпен айналдырады.<br>Балалар жеңіл жүгіру арқылы қыздырылып, аяқ буындары жұмыс істейді.<br>- Допты жоғары лақтыру (3 минут) – бала допты жоғары лақтырып, ұстап алады. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | | **Музыка**<br>**Маман жетекшісі өз жоспары бойынша**<br><br>**Музыкалық аспаптармен ойнау:**<br>Балалар қоңырау, сылдырмақ, барабанды алып, өз бетімен дыбыс шығарады.<br>**"Көңілді көбелек"**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды көбелектің пішіні мен түсімен таныстыру.<br>Қағазға саусақ бояуымен өрнектер салу.<br>Ермексаздан көбелектің денесін мүсіндеу.<br>Қанаттарын жапсыру арқылы толықтыру. | **Дене тәрбиесі**<br><br>**"Допты домалатамыз"**<br>**Барысы:**<br>**Жылыну:**<br>Жеңіл секірулер, қолды сермеу.<br>**Негізгі жаттығу:**<br>Балалар орындықтың астынан допты домалатады.<br>**Ойын:** "Кімге жетеді?"<br>Балалар допты досына қарай домалатады.<br>**Қимылды ойын:**<br>"Доппен жүгіру" – балалар допты алып жүгіріп, орнында тұрып секіреді.<br>**"Кішкентай балықтар"**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды су әлемімен таныстыру. | **Дене тәрбиесі**<br><br>**"Доппен серуен"**<br>**Барысы:**<br>**Жылыну:**<br>Қолды жоғары-төмен көтеру.<br>**Негізгі жаттығу:**<br>Балалар орындықтың үстіне доп қойып, оны домалатып көреді.<br>**Ойын:** "Қайда кетті?"<br>Балалар допты белгілі бір бағытқа домалатады.<br>**Қимылды ойын:**<br>"Доппен билейміз" – балалар музыка ырғағымен допты айналдырады.<br>**"Қарбыз бен қауын"**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға жемістердің дөңгелек пішінін тануға көмектесу. | **"Түйе мен бота"**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды үй жануарларымен таныстыру.<br>Ермексазбен түйенің бөліктерін жасауды үйрету.<br>Сурет салу және жапсыру арқылы ұжымдық жұмыс жасау.<br>**Барысы:**<br>**Тақырыпты таныстыру:** Түйенің пайдасы, оның ерекшеліктері туралы айту.<br>**Сурет салу:** Қағазға шөл даланың фонын бояу.<br>**Мүсіндеу:** Ермексаздан түйе менботаның дене бөліктерін жасап жапсыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Барысы:**<br>**Тақырыпты таныстыру:** Көбелектің әдемі түстері, оның табиғаттағы рөлі туралы айту.<br>**Сурет салу:** Саусақ бояумен қағазға көбелек қанаттарын безендіру.<br>**Мүсіндеу:** Ермексаздан көбелектің денесін жасап, қанаттарына жапсыру.<br>**Жапсыру:** Дайын қағаздан қиылған қанаттарды жапсыру.<br>**Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын дамыту** | Ермексазды қолмен созу, илеп жабыстыруға үйрету.<br>Жапсыру арқылы суретті толықтыру.<br>**Барысы:**<br>**Тақырыпты таныстыру:** Суда өмір сүретін балықтардың түрлері, олардың түсі мен қозғалысы туралы әңгімелеу.<br>**Сурет салу:** Қағазға көк түспен су ортасын бейнелеу.<br>**Мүсіндеу:** Ермексаздан балықтың денесін жасау, кішкентай бөліктерін жабыстыру.<br>**Жапсыру:** Дайын қиылған құйрық пен қанаттарын жапсыру.<br>**Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын дамыту** | Ермексазды қолмен жапсыру, тегістеу дағдыларын жетілдіру.<br>Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс істеу.<br>**Барысы:**<br>**Тақырыпты таныстыру:** Қарбыз бен қауынның пішіні, түсі, дәмі туралы айту.<br>**Сурет салу:** Қарбыздың жасыл жолақтарын бояу.<br>**Мүсіндеу:** Ермексазбен қарбыздың дәндерін жасау.<br>**Жапсыру:** Қағаздан қиылған қауын бөліктерін жапсыру.<br>**Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын дамыту** | **Жапсыру:** Дайын қиылған өркештерін жапсыру.<br>**Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
